



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
13.02.2020 № 01 ге

Тұрақты комиссияның 2020 жылғы 13 ақпандағы қаулысы

Нұр-Сұлтан қаласындағы жолаушылар тасымалын дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұр-Сұлтан қаласындағы жолаушылар тасымалын дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы» ақпаратты тыңдап әрі талқылағаннан кейін, жергілікті атқарушы органмен елордада жолаушылар тасымалын дамыту бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көлік құрылымына 6 автобус паркі, оның ішінде 1 коммуналдық және 5 жеке автобус паркі кіреді.

Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық көліктерінің маршруттық жүйесі 87 маршруттан тұрады, соның ішінде 57 қалалық, 6 жедел және 24 қала маңындағы маршруттар.

Күнделікті кесте бойынша маршруттарға 871 автобус шығарылады, олардың ішінде 730 автобус – қалалық маршруттар, 44 автобус – жедел маршруттар және 97 автобус – қала маңындағы бағыттарға қызмет көрсетеді.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының маршруттық желісін жаңғырту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді:

Мынадай 7 жаңа бағыттағы маршруттарды № 5А («Наз» би театры – «Строймарт» з/м); № 319 (Ақан сері көшесі –Ы. Алтынсарин а.); № 314 (Назарбаев университеті – Қызылсуат а.); № 320 (Назарбаев университеті – Қосшы а.); № 321 (Ақмола облыстық №2 ауруханасы – «Нұрлы» д/б); № 322 (Ақмола №2 облыстық ауруханасы –Жібек жолы а.); № 326 (Ақан сері көшесі – Талапкер ауылы) іске қосу бойынша жұмыстар аяқталды.

Нұр-Сұлтан қаласындағы қоғамдық көлік бағыттарының 13 маршрутын оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді, дәлірек айтсақ №1 А – «Достық АМСКО орталығы» ауданына маршруттың іске қосылуы;

№ 5 – Оқжетпес көшесіндегі схеманы өзгерту; № 11 – «Социум» ТК дейін маршрут іске қосу; № 18 – схеманы «Ғарыш орталығы» аялдамасына дейін ұзарту; № 18 – Орынбор көшесіндегі схеманы өзгерту; № 29 – схеманы «Жағалау-4» ТК аялдамасына дейін кеңейту; № 40 – Е-22 көшесіне қызметкөрсету; № 41 – Алаш тас жолының бойымен схеманы түзету; № 50 – схеманы Тұран даңғылына бойымен схеманы түзету; № 47 – схеманы «№ 88 орта мектепке» дейін ұзарту; № 56 «Жағалау-4» ТК дейін схеманы ұзарту; № 60 – Орынбор, Бұқар жырау көшелерінің бойындағы схеманы өзгерту; № 70 – «Венский квартал» ТК ауданына бағдарлы маршрутты іске қосу; № 105 – схеманы «БІ. Қажы» мешітіне дейін ұзарту.

Қоғамдық көліктерде қозғалыс кестесін оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізілуде (18 маршрут бойынша 32 бірлікке көбейту).

13 бағыт бойынша жылжымалы құрам жаңартылды. Автобусты 100% бақылайтын «2GIS», «Astrabus» мобильді қосымшалары жетілдірілді. Магистральдық және радиалды маршруттар тұжырымдамасы жасалды.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы автобус жүргізушілерінің жол ережесін бұзуына байланысты (жылдамдықты арттыру, қауіпті маневрлар жасау) жол апаттарының жиілеуінің жоғарылауына алаңдаушылықтарын білдірді, сонымен бірге 15-18 жас аралығындағы білім алушыларға қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру туралы мәселені депутаттардың бірнеше рет көтергендігі де айтылды. Автобустағы адамдардың лық толуы және бекітілген маршрут кестесінің сақталмауы да өзекті мәселе болып табылады. Салынған жылы аялдамалардың жағдайы және олардың жеткіліксіз саны көптеген шағымдарды тудырады.

Автомобиль жолдарын реконструкциялау және инженерлік коммуникацияларды төсеу жеткіліксіз жүргізілуде, ақпараттық технологияларды қолдану, атап айтқанда тұрақ орындарын бұзушыларды мониторингтеу және анықтау тетіктері пысықталмаған. Оқу орындарының оқушыларын «Schoolbusfree» арнайы көлігімен қамтамасыз ету мәселесі де толық шешілген жоқ.

Қала тұрғындарынан қалалық автобустардың жүру кестесі мен маршруттарына өзгерістер енгізуге көмек беру туралы көптеген өтініштер келіп түсуде, ал автобустардың жүру кестесі, әсіресе: №38, №40, №17 автобустар маршруттары жолаушылардың үлкен наразылығын туғызуда.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласындағы жолаушылар тасымалын дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

- 15-18 жас аралығындағы білім алушыларға қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүрудің мүмкіндіктері мен тетіктерін қарастыру;

№ 17, № 32, № 38, № 60, № 64 автобустарымаршруттары қозғалысын жақсарту үшін ағымдағы жағдайды зерттеу және мониторинг жүргізу;

«Есіл» сауда үйінің маңындағы Исмаилов және Рамазан көшелеріндегі қозғалысты оңтайландыру аясында біржақты қозғалысты енгізу нәтижелері туралы қорытындылар мен ұсынымдарға егжей-тегжейлі талдау жасау;

2020 жылға арналған жобалық жоспарға қала шетінде жабық аялдама павильондарын орнатуды енгізу;

- мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобалары аясында ақылы автотұрақтар үшін арнайы аймақтар бөлу туралы мәселені пысықтап, жол желісіне жүктемені азайту бойынша кешенді жұмыстарды жалғастыру;

- жолдар мен аулаларды қардан және мұздан тазарту бойынша коммуналдық қызметтердің жұмысына тиісті бақылауды ұйымдастыру;

- «Bus Line» арнайы автобус жолағында жүру үшін нөмірлік белгілері бар автомобильдердің онлайн базасын ендіру мәселелерін зерттеу;

- «Bus Line» арнайы автобус жолағы бойынша көлік құралдарының қозғалысына рұқсат беру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау;

- Нұр-Сұлтан қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамыту аясында жауапты мемлекеттік органдардың шоғырлануы мен өзара әрекеттесуінің өзекті мәселесін шешуге жүйелі түрде қарау.

- қажет етілген бағыттарда автобустар санын көбейту және жаңа бағыттар желісін ашу жөніндегі мәселелерді пысықтау;

- автобус салондарында қозғалыс бағытының кестесін дайындау және орнату;

- тұрғындарға жолаушыларға қызмет көрсетуді үнемі жетілдіріп отыру үшін жұмыстар атқару;

- жаңа бағыттық желілерді енгізу бойынша бақылауды жүзеге асыру;

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ мен «Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті» ММ бірлесіп жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында елорданың орталық көшелеріндегі көлік ағынын реттеу бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылыс, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**



С. Жүнісов